

## Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII Конституциялық заңымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР 05.11.2022 № 153-VII Конституциялық заңымен (Конституциялық Соттың толық құрамы қалыптастырылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **МАЗМҰНЫ**

**Ескерту. Актінің нысаны және тақырыбы өзгерді, кіріспе алып тасталды, мәтіндегі "осы Жарлықты", "осы Жарлықта", "осы Жарлықпен", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықтың", "Осы Жарлық" деген сөздер тиісінше "осы Конституциялық заңды", "осы Конституциялық заңда", "осы Конституциялық заңмен", "осы Конституциялық заңға", "осы Конституциялық заңын", "осы Конституциялық заң" деген сөздермен аудыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.11.24 № 604 Конституциялық Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).**

### **I ТАРАУ**

#### **Жалпы Ережелер**

### **1-бап. Конституциялық Кеңестің мәртебесі**

Конституциялық Кеңес мемлекеттік орган ретінде Республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституациясының жоғары тұруын қамтамасыз етеді:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіз, Республика Конституациясына ғана бағынады әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды;

2) Республика Конституациясы мен осы Конституциялық заңды басшылыққа ала отырып, соттардың немесе басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтау мен зерттеуге бармай-ақ өз өкілеттігін жүзеге асырады.

### **2-бап. Конституциялық Кеңестің құрамы**

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден, соның ішінде Конституциялық Кеңестің Төрағасынан тұрады. Бұған қоса Республиканың экс-Президенттері

құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

### **3-бап. Конституциялық Кеңестің күру тәртібі**

1. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

2. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін Республика Президенті қызметке тағайындауды, Конституциялық Кеңеске екі-екі мүшеден Парламент Палаталары төрағаларының ұсынуы бойынша тиісінше Парламент Сенаты мен Мәжілісі тағайындауды. Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен.**

### **4-бап. Конституциялық Кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар**

1. Конституциялық Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар Республика азаматы тағайындала алады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар Республиканың экс-Президенттеріне қолданылмайды.

### **5-бап. Конституциялық Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

1. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігі алты жылға созылады.

2. Шығып қалған немесе қызметте болу мерзімі аяқталған жағдайда Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Конституцияда және осы Конституциялық занда белгіленген тәртіппен тағайындалады.

3. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері қызметтеріне адамдардың шығып қалған немесе осы қызметтерде болу мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай ішінде тағайындалады.

4. Егер Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың қатысуымен Конституциялық Кеңес жүргізіп жатқан мәселені қарау кезеңінде аяқталса, онда олардың өкілеттігі қорытынды шешім шығарылғанға дейін сақталады.

### **6-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің анты**

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өздері тағайындалғаннан кейін мынадай мазмұнда ант қабылдайды: "Өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы (мүшесі) міндетін адал атқаруға, әділ болуға және басқа ешкімге, еш нәрсеге емес, тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана бағынуға салтанатты түрде ант етемін."

Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің анты Қазақстан Республикасының Президенті айқындастын тәртіппен қабылданады.

Ескерту. 6-бап жана редакцияда - ҚР 22.12.2017 № 119-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **7-бап. Конституциялық Кеңестің отырыстары**

1. Конституциялық Кеңестің отырысы егер оған Конституциялық Кеңес құрамының кемінде уштеге екісі қатысса, құқылы болады.

2. Конституциялық Кеңестің отырыстарын қажетіне қарай Конституциялық Кеңестің Төрағасы, ал ол болмаған кезде оның уәкілдік беруі бойынша Конституциялық Кеңес Төрағасының міндетін атқарушы шақырады.

### **8-бап. Конституциялық іс жүргізу**

Конституциялық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша іс қарау мен шешімдер қабылдау Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.

### **9-бап. Конституциялық Кеңес туралы заңдар**

1. Конституциялық Кеңестің мәртебесі, құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі Республика Конституциясымен және осы Конституциялық заңмен белгіленеді.

2. Конституциялық Кеңес өз қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібінің Конституциямен және осы Конституциялық заңмен реттелмеген мәселелері бойынша Конституциялық Кеңестің регламентін қабылдайды.

## **II ТАРАУ**

### **Республика Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі**

### **10-бап. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері мемлекеттің лауазымды адамдары ретінде**

1. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері мемлекеттің лауазымды адамдары болып табылады, олардың мәртебесі Конституциямен және осы Конституциялық заңмен, сондай-ақ Конституция мен осы Конституциялық заңда реттелмеген бөлігінде мемлекеттік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

### **11-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің тәуелсіздігі**

1. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және тек Конституция мен осы Конституциялық заңға ғана бағынады. Басқа ешқандай да актінің олар үшін сөзсіз міндетті күші болмайды. Олардың қызметіне қандай болса да араласуға, сондай-ақ оларға қандай түрде болса да қысым жасауға немесе басқадай ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады.

2. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің конституциялық іс жүргізу мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жок.

3. Корытынды шешім шығарылғанға дейін Конституциялық Кеңестің қарауына арқау болып отырған мәселелер бойынша ешкімнің де пікір немесе кеңес сұрауға, ал Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің, Конституциялық Кеңестің отырысынан басқа кезде, пікір айтуға немесе кеңес беруге хақы жок.

4. Конституциялық Кеңестің мүшелері өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Олардың өкілеттігін, осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тоқтатуға немесе тоқтата тұруға болмайды.

5. Егер Конституциялық Кеңестің қарауындағы мәселеге тікелей жеке немесе жанама мүдделілігіне байланысты өзінің әділдігіне күмән тууы мүмкін болса, Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшесі бұл мәселені қараудан бас тартуға міндетті, мұны Конституциялық Кеңес қанағаттандыруға тиіс.

6. Конституциялық Кеңес мүшесінің сотта немесе өзге құқық қолдану органдарында, заңды өкілдіктен басқа, қорғауды немесе өкілдікті жүзеге асыруға, құқықтарды жүзеге асыру мен міндеттерден босату ісінде қандай адамдарға болса да қамқоршылық жасауға хақы жок.

## **12-бап. Конституциялық Кеңес мүшелеріне ешкімнің тиіспеуі**

1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Парламенттің келісімінсіз ұстап алуға, құзетпен ұстаяуға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін Конституциялық Кеңестің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін, ол Конституциялық Кеңестің Төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы ұсынуды Парламентке енгізеді. Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшелері қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр

қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не олар ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Исті тергеп-тексеру барысында зандылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

3. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды.

4. Конституциялық Кеңестің мүшесін, егер осы Конституциялық заңға сәйкес оның өкілеттігі тоқтатыла тұрмаған болса, Конституциялық Кеңестің отырысына қатысадан шеттетуге ешкімнің хақы жоқ.

**Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 232-V Конституциялық заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **13-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелері құқықтарының тенденциясы**

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Конституциялық Кеңес жүргізіп жатқан мәселелерді қарауда және олар бойынша шешімдер қабылдауда, осы Конституциялық заңның 33-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тең құқықтарға ие болады.

### **14-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасының, мүшесінің өкілеттігін тоқтата түру**

1. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттігін Конституциялық Кеңестің өтініші бойынша оны тағайындаған адам, мынадай жағдайларда егер ол:

1) дәлелді себептерсіз кемінде қатарынан үш рет Конституциялық Кеңестің отырыстарына қатыспаса;

2) денсаулық жағдайына байланысты ұзак уақыт бойы өз міндеттерін орындаі алмаса;

3) занды қүшіне енген сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз жоқ болған деп танылса, тоқтата түруы мүмкін.

2. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттіктері, егер занда белгіленген тәртіппен оны ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға, сотта медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы тиісті өтінішхатты қозғауға келісім берілген жағдайда да тоқтатыла түруы мүмкін.

3. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттігін тоқтата түру туралы шешім өкілеттікті тоқтатуға негіздер байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қабылданады.

4. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттігі осы өкілеттікті тоқтата тұруға негіздер дәйексіз болып қалғанға дейін тоқтатыла турады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 232-V Конституциялық заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

## **15-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасының, мүшесінің өкілеттігін тоқтату**

1. Тиісінше:

1) Конституциялық Кеңес Төрағасының өкілеттігін Республика Президенті тоқтатады;

2) Конституциялық Кеңес мүшесінің өкілеттігін оны тағайындаған Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі тоқтатады.

2. Конституциялық Кеңес Төрағасының, мүшесінің өкілеттігі:

1) орнынан тұсуі туралы өтінішінің қанағаттандырылуы;

2) Жоғарғы Соттың ол жөнінде заңды күшіне енген айыптау үкімінің болуы;

3) заңды күшіне енген сот шешімімен оның іс-әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

4) заңды күшіне енген сот шешімімен оның өлген деп танылуы;

5) оның қайтыс болуы;

6) осы Конституциялық заңының 10-бабының 2-тармағында көзделген шарттардың сақталмауы;

7) антты бұзыы, Республика Конституциясы мен осы Конституциялық заңының талаптарын орындамауы, оның жоғары мәртебесімен сыйыспайтын атына кір келтіретін қылышқа жасауы;

8) Конституция мен осы Конституциялық заңда белгіленген талаптар бұзыла отырып тағайындалуы;

9) қызметте болуының Конституцияда белгіленген мерзімінің аяқталуы;

10) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен);

11) саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияға немесе өзге де қоғамдық бірлестікке кіруі нәтижесінде тоқтатылады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен.

## **16-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету**

1. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелеріне жалақы Республика Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында көзделген тәртіппен белгіленеді.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін тұрғын үймен, көлікпен және өзге де қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеу Республика Президенті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **ІІІ ТАРАУ**

**Республика Конституциялық Кеңесінің және оның лауазымды адамдарының құзыреті**

#### **17-бап. Конституциялық Кеңестің құзыреті**

1. Конституциялық Кеңес дау туған жағдайда Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес:

1) Республика Президенті сайлауының;

2) Парламент депутаттары сайлауының;

3) респубикалық референдумның дұрыс өткізілгендердің туралы мәселені шешеді.

2. Конституциялық Кеңес Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2), 2-1), 3) тармақшаларына сәйкес:

1) Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін;

2) Парламент және оның Палаталары қабылдаған қаулылардың;

3) Республиканың халықаралық шарттарының олар ратификацияланғанға дейін Конституцияға сәйкестігін қарайды.

3. Конституциялық Кеңес Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 4)-5)-тармақшаларына сәйкес:

1) Конституция нормаларына ресми түсіндірме;

2) Парламент тиісінше республика Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босату туралы шешім, Республика Президентін қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін - белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді.

4. Конституциялық Кеңес:

1) Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында көзделген жағдайларда соттардың өтініштерін Конституцияның 72-бабының 2-тармағына сәйкес қарайды;

2) Конституцияның 53-бабының 6) тармақшасына сәйкес конституциялық іс жүргізу практикасын қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Республикадағы конституциялық заңдылықтың жайы туралы жолдау жібереді.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.06.17 N 41-IV; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
Конституциялық заңдарымен.

## 18-бап. Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттіктері

Конституциялық Кеңес:

1) құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдардан, үйымдардан құжаттар, материалдар мен өзге де ақпараттар сұратуға және алуға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен сарапшылық және ғылыми-консультациялық жұмысқа мамандар тартуға хақылы;

2) Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігін тоқтата тұру туралы өтініш жасайды және осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 19-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасының өкілеттігі

1. Конституциялық Кеңестің Төрағасы:

1) Конституциялық Кеңес іс жүргізуге қабылдаған мәселелерді қарауға даярлықты басқарады;

2) Конституциялық Кеңестің отырысын шақырады, іс жүргізуге қабылданған мәселелерді олардың қарауына енгізеді және Конституциялық Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;

3) Конституциялық Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөледі, Конституциялық Кеңес мүшелері мен оның аппаратының жұмысын ұйымдастырады;

4) отырыс өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белгілейді;

5) Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Кеңестің жолдауын жария етеді;

6) Республика Президентінің талап етуі бойынша оған елдегі конституциялық заңдылықтың жайы туралы ақпаратты табыс етеді;

7) Конституциялық Кеңес отырыстарының шешімдері мен хаттамаларына қол қояды;

8) Конституциялық Кеңестің бекітуіне оның регламентін табыс етеді;

9) Конституциялық Кеңестің аппараты туралы Ережені, бөлінген бюджет қаражаты шегінде - Конституциялық Кеңес аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

10) Конституциялық Кеңес аппараты қызметкерлерін қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

11) осы Конституциялық заңға және Конституциялық Кеңес регламентіне сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

2. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Конституциялық Кеңестің Төрағасы бүйректар мен өкімдер шығарады.

## **IV ТАРАУ**

### **Конституциялық іс жүргізу**

#### **20-бап. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар**

1. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар болып өтініштері бойынша конституциялық іс қозғалып отырған мына адамдар мен органдар танылады:

1) Республика Президенті;

2) Парламент Сенатының Төрағасы;

3) Парламент Мәжілісінің Төрағасы;

4) өздерінің жалпы санының кемінде бестен бірі болатын Парламент депутаттары;

5) Премьер-Министр;

6) Республика соттары;

7) актілерінің конституциялығы тексерілетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар.

2. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылар Конституциялық Кеңеске өз өкілдерін жібере алады, олардың өкілеттігі белгіленген тәртіппен ресімделеді.

**Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **21-бап. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

1. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өкілеттігі шегінде тең іс жүргізу құқықтарын пайдаланады.

2. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар:

1) іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардың қысқаша үзінділері мен көшірмелерін алуға;

2) дәлелдер келтіруге, оларды зерттеуге қатысуға және өтініштері мен қарсылықтарының негізі ретінде өздері сілтеме жасап отырған мән-жайларды дәлелдеуге;

3) конституциялық іс жүргізу барысында туындастын барлық мәселелер бойынша өздерінің дәйектері мен ойларын Конституциялық Кеңеске айтуға;

4) өтініштерін мәлімдеуге және мәлімденген өтініштер бойынша өз пікірін айтуға;

5) Конституциялық Кеңеске ауызша және жазбаша түсініктер беруге хақылы.

3. Конституциялық іс жүргізуге қатысушы:

1) өтініші бойынша конституциялық іс қозғалған қатысушының Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімі қабылданатын отырысы

басталғанға дейін өтінішінің негізін өзгертуге, оның көлемін ұлғайтуға немесе азайтуға, өтінішінен бас тартуға хақылы;

2) соның актілеріне орай конституциялық іс қозғалған қатысушының өтінішінде мәлімделген талаптарды толық немесе ішінара мойындауға не оларға қарсылық білдіруге хақылы.

#### 4. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар:

1) өз құқықтарын адал пайдалануға міндettі. Олардың Конституциялық Кеңеске көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы немесе Конституциялық Кеңес талап еткен құжаттарды, материалдар мен өзге де ақпаратты бермеуі Конституциялық Кеңесті құрметтемеу ретінде бағаланады және заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады;

2) Республика Конституциясына, Конституциялық Кеңеске, оның талаптарына және Конституциялық Кеңесте қабылданған рәсімдерге құрметпен қарауға;

3) тәрағалық етушінің отырыс тәртібін сақтау туралы өкімдеріне бағынуға міндettі.

### **22-бап. Конституциялық Кеңеске өтініш берудің нысаны мен мазмұны**

1. Конституциялық Кеңеске өтініш жазбаша түрде беріледі.

2. Өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) Конституциялық Кеңестің атауы;

2) өтініш жасаушының атауы, тұрғылықты жері, мекен-жайы және ол туралы өзге де қажетті деректер;

3) өтініш жасаушының өкілінің атауы, мекен-жайы және қызметі бойынша өкілдікті қоспағанда, оның өкілеттігі туралы өзге де деректер;

3-1) егер өтініште Конституцияның 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы мәселе қойылса, Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

4) егер өтініште оларды өткізуудің дұрыстығы туралы мәселе қойылған ретте, Президент, Парламент депутаттары сайлауын және республикалық референдум өткізуге байланысты актілерге қол қойған немесе оларды шығарған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың атауы, тұрғылықты жері және мекен-жайы ;

5) егер өтініште Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігі туралы мәселе қойылған ретте, заңдардың атауы, қабылданған күні;

5-1) егер өтініште Парламент және оның Палаталары қаулыларының Республика Конституциясына сәйкестігі туралы мәселе қойылған жағдайда Парламент және оның Палаталары қаулыларының атауы, қабылданған күні;

6) егер өтініште Республиканың халықаралық шарттарының Конституцияға сәйкестігі туралы мәселе қойылған ретте, Республиканың халықаралық шарттарының, Қазақстан Республикасы немесе оның мемлекеттік органдары атынан оларға қол қойылған лауазымды адамдардың аты, оларға қол қойылған күн мен орын;

7) өтініште ресми түсіндірме беру туралы мәселе қойылып отырған Республика Конституациясының нормалары;

7-1) егер өтініште күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституациясына сәйкестігіне қарау туралы мәселе қойылса, заңның немесе өзге де құқықтық актінің атауы, номірі, қабылданған күні, жарияланған көздер және өзге де деректемелер;

8) егер сottың ұсынысында актіні конституциялық емес деп тану туралы мәселе қойылса, егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп таныса, актіге қол қойған немесе оны шығарған мемлекеттік органның, лауазымды адамның аты, тұрғылықты жері мен мекен-жайы, заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің атауы, номірі, қабылданған күні, жарияланған көздер және өзге де реквизиттер;

9) Конституцияның 47-бабының 1-тармағына сәйкес Парламент құрған комиссияның атауы, құрамы және оның қорытындысы; Республика Президентін мерзімінен бұрын қызметтен босату туралы мәселені Парламенттің қарауына байланысты актілердің атауы, қабылданған күні және мазмұны;

10) Президентті қызметтен кетіру туралы мәселені қозғауға тұрткі болған депутаттардың саны туралы мәліметтер; Парламент Палаталарында дауыс берудің нәтижелері туралы мәліметтер; Президентке қарсы тағылған айыпты тексеру нәтижелері туралы мәліметтер; тағылған айыптың негізділігі туралы Жоғарғы Соттың қорытындысы жөніндегі мәліметтер; Республика Президентін қызметтен кетіру туралы мәселені Парламенттің қарауына байланысты актілердің атауы, қабылданған күні және мазмұны;

11) өтініштің мәні;

12) өтініш жасауға негіз болатын және оның негізділігін растайтын өзге де деректер, мән-жайлар мен айғақтар;

13) Республика Конституациясы мен осы Конституциялық заңның Конституциялық Кеңеске өтініш жасау құқығын беретін нормалары;

14) қоса тіркеліп отырған құжаттар тізбесі.

3. Өтінішке тиісті субъект қол қоюға тиіс.

4. Өтінішке мыналар қоса тіркеледі:

1) өтініш берген субъектілер сілтеме жасаған актілер мәтіндерінің көшірмесі;

2) екілдік лауазым бойынша жүзеге асырылатын жағдайдан басқа реттерде екілдің өкілеттігі туралы құжаттар;

3) ондан мөлшерінде өтініш пен оның қосымшаларының көшірмесі.

5. Конституциялық іс жүргізу тілдерінде жазылмаған құжаттарға олардың қазақша немесе орысша аудармалары қоса тіркелуге тиіс.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.06.17 № 41-IV; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

**Конституциялық заңдымен.**

### **23-бап. Конституциялық Кеңеске өтініш берудің салдарлары**

Конституциялық Кеңеске төменде көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте:

1) Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не респубикалық референдумның қорытындыларын шығару тоқтатыла тұрады;

2) Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2), 3)-тармақшаларында көрсетілген тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады;

3) Конституцияның 78-бабында көрсетілген іс жүргізу тоқтатыла тұрады;

4) конституциялық заңды, кодексті және заңды қоспағанда, Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте Қазақстан Республикасының Президенті құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұруы мүмкін.

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңдымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **24-бап. Конституциялық Кеңестің өтініштерді қарau мерзімдері**

Конституциялық Кеңес іс жүргізуге қабылданған өтінішті келіп түсken күнінен бастап келесі айдың тиісті күнінде (күн санында) аяқталатын бір ай ішінде қарайды және ол бойынша қорытынды шешім шығарады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

Егер мәселені кейінге қалдыруға болмаса, Республика Президентінің жазбаша нысанда баяндалған талабы бойынша қорытынды шешім қабылдау үшін берілетін бір айлық мерзім күнтізбелік он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Конституциялық Кеңес бір-бірімен өзара байланысты өтініштерді бір іс жүргізуге біріктірген жағдайда, қорытынды шешім шығару үшін Конституцияда көзделген бір айлық мерзім соңғы өтініш келіп түсken күннен бастап есептеледі.

**Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.10.2013 № 133-V Конституциялық заңдымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **25-бап. Өтінішті іс жүргізуге қабылдау немесе оны қабылдаудан бас тарту**

Конституциялық Кеңестің Тәрағасы келіп түскен өтінішті Конституциялық Кеңестің қарауына енгізеді, оның отырысы ол келіп түскен күннен бастап үш күн мерзімде өткізіледі. Конституциялық Кеңес өтінішті тексеріп, егер

1) өтініш осы Конституциялық заңда белгіленген өтініш нысаны мен мазмұнына сәйкес келмесе немесе тиісті субъектіден туындараса;

2) өтініштің мәні Конституциялық Кеңестің құзыретіне жатпаса;

3) өтініште көрсетілген мәселенің конституциялығын Конституциялық Кеңес бұрын тексеріп қойған болса және Конституциялық Кеңестің заңды күшін сақтайтын шешімі бар болса;

4) өтініште көрсетілген мәселе Конституцияда шешімін таппаса;

5) конституциялығы талас тудырып отырған акт тоқтатылған немесе күшін жойған болса, өтінішті іс жүргізуге қабылдаудан бас тартып, оны қайтарып береді.

## **26-бап. Іс жүргізуге қабылданған өтінішті Конституциялық Кеңестің отырысында қарау үшін материалдар әзірлеу тәртібі**

1. Конституциялық Кеңестің Тәрағасы өз өкімімен Конституциялық Кеңестің отырысына материалдар әзірлеуді жүзеге асыратын Конституциялық Кеңестің мүшесін белгілейді. Келіп түскен өтініштің айрықша курделілігіне, не оның аса маңыздылығына немесе жеделдігіне орай материалдарды әзірлеу Конституциялық Кеңестің бірнеше мүшесіне тапсырылуы мүмкін.

2. Бір-бірімен өзара байланысты бірнеше өтініш келіп түскен жағдайда Конституциялық Кеңес оларды бір конституциялық іске біріктіру туралы шешім қабылдай алады. Бір-бірімен өзара байланысты бірнеше өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешкен кезде олардың бірі - Конституциялық Кеңестің, ал басқалары өзге мемлекеттік билік органдарының қарауына жататын болса, Конституциялық Кеңестің құзыретіне жататын өтініштер ғана қаралуға тиіс.

3. Іс жүргізуге қабылданған өтініш бойынша Конституциялық Кеңестің мүшесі Конституциялық Кеңес отырысының қарауына Тәраға белгілеген мерзімде материалдар әзірлеуге міндетті, бұл үшін ол:

1) конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды белгілейді, оларға осы Конституциялық заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

2) өтініштің мәніне қатысы бар қажетті құжаттар мен өзге де ақпаратты талап етіп алдырады;

3) қажет болған жағдайда тиісті лауазымды адамдарға сұрау салады, ғалымдарды, практикалық қызметкерлерді мамандар, сарапшылар ретінде тартып, тексерулер, зерттеулер жүргізуі, сараптама жасауды тапсырады;

4) отырыстың басталуынан кемінде екі күн бұрын Конституциялық Кеңестің мүшелеріне материалдардың көшірмелерін беруді қамтамасыз етеді;

5) Конституциялық кеңес шешімінің жобасын өзірлейді;

6) өтініштің тиісінше қаралуын қамтамасыз ету жөнінде өзге де әрекеттер жасайды.

4. Әзірлік жұмысы аяқталғаннан кейін Конституциялық Кеңестің Төрағасы өз өкімімен Конституциялық Кеңес отырысының күнін белгілейді, онда өтініште қойылған мәселелердің мән-жайы қаралады.

## **27-бап. Конституциялық Кеңестің іс жүргізуге қабылданған өтінішті қарау жөніндегі отырысын откізу тәртібі**

1. Конституциялық Кеңес өтініштерді Конституциялық Кеңес Төрағасының төрағалық етуімен отырыста қарайды.

2. Белгіленген уақытта Төраға:

1) отырысты жүргізу үшін Конституциялық Кеңес мүшелерінің санының жеткіліктілігіне және хаттамаға түсірудің қамтамасыз етілгендейдін көз жеткізеді;

2) Конституциялық Кеңестің отырысын ашық деп жариялады;

3) қаралуға тиіс мәселелерді оқып шығады;

4) отырысқа шақырылған қатысушылардың, мамандардың, сарапшылардың бар екендігі туралы және қатыспағандардың келмей қалу себептері туралы хабарлау үшін Конституциялық Кеңестің мүшесіне - баяндамашыға сөз береді;

**5) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);**

6) отырысқа қатысушылардан оларда ұсыныстардың бар-жоғы туралы сұрайды, оларды Конституциялық Кеңестің шешуіне қояды;

7) қаралуға тиіс мәселелерді қараудың басталуы туралы жариялады.

3. Әрбір мәселені қарау Конституциялық Кеңес мүшесінің - баяндамашының сөзінен басталады, ол мәселенің мән-жайын, оның қаралу себебі мен негізін, қолда бар материалдардың мазмұнын баяндалап береді. Конституциялық Кеңестің мүшелері оған нақтылау үшін сұрақ қоюлы.

4. Өтініш субъектілері, сондай-ақ актілері мен әрекеттерінің конституциялығы, сондай-ақ конституциялық рәсімдерді сақтауы тексерілетін мемлекеттік органдардың өкілдері мен лауазымды адамдар (олардың өкілдері) қажет болған жағдайда өздерінің қалауы бойынша не Конституциялық Кеңестің талабы бойынша Конституциялық Кеңестің іс жүргізуге қабылданған өтініш қаралатын отырысына қатыса алады. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың, сарапшылардың, мамандар мен басқа да шақырылған адамдардың түсініктемелері мен сөздері тыңдалуы мүмкін.

5. Егер мәселе жеткілікті түрде айқындалған болса, Төраға қорытынды шешімді талдап жасау үшін Конституциялық Кеңес мүшелері мәжілісінің

ашылуы туралы жариялайды. Мәжіліс кезінде бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді. Мәжіліс кезінде болған пайымдауларды, дауыс беру барысы мен нәтижелерін жария етуге тыйым салынады. Конституциялық Кеңестің мүшелері мәжіліс барысында қаралып отырған мәселе бойынша жеке көзқарасын еркін айтып, Конституциялық Кеңестің басқа мүшелерінен өздерінің көзқарастарын нақтылауды сұрай алады.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **28-бап. Конституциялық Кеңестің отырысын хаттамаға түсіру**

1. Конституциялық Кеңестің отырысы хаттамаға түсіріледі және қажеттігіне қарай стенограммаға түсіріледі.
2. Конституциялық Кеңес отырысының хаттамасы конституциялық іс жүргізу тілінде жүргізіледі.

3. Конституциялық Кеңес отырысының хаттамасын жүргізу тәртібін, оның мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Конституциялық Кеңес отырыстары хаттамасын жүргізудің өзге де мәселелерін Конституциялық Кеңестің Төрағасы айқындайды.

#### **29-бап. Конституциялық іс жүргізу тілі**

1. Конституциялық іс жүргізу, Конституциялық Кеңес қабылдайтын шешімдер қазақ не орыс тілдерінде жүзеге асырылып, жазылады.
2. Конституциялық іс жүргізу тілін менгермен конституциялық іс жүргізуге қатысушы адамдарды Конституциялық Кеңес олардың ана тіліне немесе олар білетін тілге аудармамен қамтамасыз етеді.

#### **30-бап. Конституциялық іс жүргізуді тоқтату**

1. Конституциялық іс жүргізу кез келген сатыда, бірақ қорытынды шешім шығарылғанға дейін мынадай реттерде:
  - 1) субъект өзі мәлімдеген өтініштен бас тартса;
  - 2) конституциялылығы талас тудыратын актілер күшін жойса немесе заңдық күшін жойса;
  - 3) мәлімделген өтініш Конституциялық Кеңестің қарауына жатпаса тоқтатылуға тиіс.
2. Конституциялық Кеңестің мәлімделген өтініш бойынша конституциялық іс жүргізуді тоқтату туралы шешімі өтініш субъектісін Конституциялық Кеңеске осы негіздер бойынша қайтадан өтініш беру мүмкіндігінен айырады.

## **V ТАРАУ**

### **Республика Конституциялық Кеңесінің шешімдері**

#### **31-бап. Конституциялық Кеңес шешімдерінің түрлері**

1. Конституциялық Кеңестің отырысында қабылданатын кез келген акт оның шешімі болып табылады.

2. Конституциялық Кеңестің шешімдері Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыратын қорытынды шешімдер және Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттігін жүзеге асыратын басқа да шешімдер болып бөлінеді.

### **32-бап. Конституциялық Кеңес шешімдерінің нысаны**

Конституциялық Кеңестің шешімдері мынадай нысанда қабылданады:

1. 1) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын қаулылар, соның ішінде нормативтік қаулылар;

2) қорытындылар;

3) жолдаулар.

### **33-бап. Конституциялық Кеңестің шешімдер қабылдауы**

1. Конституциялық Кеңес шешімдерді алқалы түрде қабылдайды.

2. Конституциялық Кеңес шешімді өз мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы, ал Конституциялық Кеңестің тіпті бір мүшесі талап етсе де - жасырын дауыс беру арқылы қабылдайды.

3. Егер шешім қабылдау кезінде Конституциялық Кеңес мүшелерінің дауыстары тепе-тең бөлінген болса, Конституциялық Кеңес Төрағасының даусы шешуші дауыс болып табылады, ол барлық жағдайларда өз даусын ең сонында береді. Конституциялық Кеңес Төрағасының орнын оның уәкілдік беруі бойынша Конституциялық Кеңестің тиісті мүшесі ауыстырған жағдайда бұл ереже қолданылмайды. Бұл жағдайда Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе бастапқы дауыс беруге қатыспаған мүшесінің қатысуымен қайтадан дауыс беру өткізіледі.

4. Конституциялық Кеңестің мәжілісі кезінде оның отырысқа қатысқан мүшелерінің ешқайсысының да қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға хақы жоқ.

5. Конституциялық Кеңес қабылдаған шешімдер оларға Төраға қол қойғанға дейін дауыс беруге қатысқан Конституциялық Кеңес мүшелерінің қолдарымен алдын ала расталады.

### **34-бап. Конституциялық Кеңес мүшесінің ерекше пікірі**

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімімен келіспеген оның мүшесі өз пікірін жазбаша түрде білдіруге хақылы.

### **35-бап. Конституциялық Кеңестің қосымша шешімі**

1. Конституциялық Кеңес мына жағдайларда қосымша шешімдер қабылдайды, егер:

1) Конституциялық Кеңестің шешіміне түсіндірме беру туралы мәселе қойылса. Мұндай жағдайда қосымша шешім конституциялық іс жүргізуге

қатысушылардың не Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімін орындауға міндettі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтініштері бойынша қабылданады;

2) Конституциялық Кеңестің шешімінде жіберілген редакциялық сипаттағы дәлсіздіктер мен қателерді түзету қажет болса. Мұндай жағдайда Конституциялық Кеңес қосымша шешімді өз бастамасы бойынша қабылдайды.

2. Қосымша шешім Конституциялық Кеңес шешімінің шынайы мазмұнына, мағынасы мен мақсатына қайши келмеуге тиіс.

3. Қосымша шешімді Конституциялық Кеңес отырысында қабылдайды, отырысты өткізу тәртібі Конституциялық Кеңестің регламентімен белгіленеді.

**Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен.**

### **36-бап. Конституциялық Кеңестің шешімін қайта қарау**

1. Конституциялық Кеңестің шешімін ол Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша немесе өз бастамасы бойынша мына жағдайларда, егер:

- 1) қабылданған шешімге негіз болған Конституция нормасы өзгерсе;
- 2) өтініштің мәні үшін жаңа елеулі мән-жайлар ашылса, қайта қарауы мүмкін.

2. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұластығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Кеңестің шешімі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бастамасы бойынша қайта қарауға жатады.

3. Шешімді қайта қарау туралы Конституциялық Кеңес қаулы шығарып, ол арқылы осы шешімнің күшін жояды.

4. Корытынды шешім қайта қаралған жағдайда Конституциялық Кеңестің Төрағасы өз өкімімен осы мәселе бойынша жаңа отырыс өткізуудің күні мен тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

### **37-бап. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімінің мазмұны**

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімінде:

- 1) оның атауы, шығарылған күні мен орны;
- 2) оны шығарған Конституциялық Кеңестің құрамы;
- 3) өтініш жасаушы субъектілер мен олардың өкілдері;
- 4) өтініштің мәні;
- 5) Конституция мен осы Конституциялық заңың Конституциялық Кеңестің іс жүргізуге қабылданған өтінішті қарау құқығын белгілейтін нормалары;
- 6) Конституциялық Кеңес анықтаған мән-жайлар;

- 7) жарияланған немесе алынған көздері көрсетіле отырып, конституциялығы тексерілген актінің атауы;
- 8) лауазымды адамның конституциялығы тексерілген шешімі;
- 9) Президент сайлауын, Парламент депутаттары сайлауын немесе республикалық референдум өткізудің дұрыстығы тексерілген участелер, округтер, әкімшілік-аумақтық бірліктер;
- 10) ресми түсіндірме беруге ұшыраған Конституция нормасының ( нормаларының) мазмұны;

10-1) Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген тәртіппен етініш жасалуына байланысты Конституциялық Кеңес қараған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулардың мазмұны;

11) Конституцияның 47-бабының 1, 2 тармақтарында белгіленген, сақталуы тексерілген рәсімдер;

12) Конституциялық Кеңес үйінде шешім пайдасына келтірілген дәлелдер;

13) Конституциялық Кеңес басшылыққа алған Конституция нормалары;

14) шешімнің тұжырымы;

15) шешімнің орындалу және жариялану тәртібі мен мерзімі;

16) шешімнің түпкіліктілігі көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

### **38-бап. Конституциялық Кеңес шешімінің заңдық күші**

1. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімі ол қабылданған күннен бастап қүшіне енеді, Республиканың барлық аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасауға жатпайды. Өзге шешімдердің қүшіне ену тәртібін Конституциялық Кеңес белгілейді.

2. Алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 38-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.06.17 N 41-IV; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

### **39-бап. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерін қабылдау салдары**

Ескерту. 39-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика заңдары мен халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше бекітуге және қүшіне енгізуге болмайды. Заңдарды Конституцияға сәйкес деп тану оларға қол қою мерзімінің

өтуін жаңартады. Республиканың халықаралық шарттарын Конституцияға сәйкес деп тану оларды бекіту процесін жаңартады.

1-1. Республика Конституациясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп танылған Республика Конституациясына езгерістер мен толықтырулар республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылмайды.

2. Конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілер заңдық күшінен айрылады, қолданылуға жатпайды және олардың күші жойылады. Мұндай заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешімдері орындалуға жатпайды.

3. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика Президентінің сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті сайлау учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Президент сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған Республика Президентін тіркеуге жол береді.

4. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде және сайлау округтерінде жарамсыз деп танылады. Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған депутаттарды тіркеуге жол береді.

5. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған республикалық референдум нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті дауыс беру учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Откізілген референдумды Конституцияға сәйкес деп тану референдум қорытындыларын шығаруды қайта бастауға жол береді.

6. Конституцияның 47-бабының 1-, 2-тармақтарына сәйкес Парламенттің тиісінше Республика Президентін лауазымнан мерзімнен бұрын босату туралы шешім, қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдауы алдында белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталмағандығы туралы қорытынды тиісінше Президентті лауазымынан мерзімнен бұрын босату туралы, қызметінен кетіру туралы мәселенің қаралуын тоқтатылуына әкеліп соғады. Белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы қорытынды тиісінше Республика Президентін лауазымынан мерзімнен бұрын босату туралы, Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселені қарауды жалғастыруға жол береді.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.06.17 N 41-IV; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
Конституциялық заңдарымен.

#### **40-бап. Конституциялық Кеңестің шешімдерін орындау**

1. Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдердің орындалу тәртібін және мерзімдерін белгілей алады.

Егер Конституциялық Кеңестің шешімі мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды немесе мемлекеттік кірістерді қысқартуды талап еткен жағдайда, Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдердің орындалу мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша белгілейді.

2. Конституциялық Кеңестің шешімін орындау үшін қолданылған шаралар туралы оған тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Конституциялық Кеңес белгілеген мерзімде хабарлайды.

3. Үәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылданған шешім туралы Конституциялық Кеңеске міндettі түрде хабарлай отырып, Конституциялық Кеңестің шешімдерінде қамтылған заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды міндettі түрде қарауға тиіс.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.06.17 N 41-IV Конституциялық заңымен.

#### **41-бап. Конституциялық Кеңестің шешімдерін жолдау мен жариялау**

1. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдері:

1) шешім қабылданғаннан кейін екі күн ішінде Конституцияда белгіленген етініш жасау субъектілеріне немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ барлық реттерде Республика Президентіне, Парламенті Палаталарына, Жоғарғы Сотына, Бас Прокурорына, Әділет министріне жіберіледі;

2) респубикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

2. Өзге шешімдер, қажет болған жағдайда, Конституциялық Кеңес регламентімен белгілеген реттер мен тәртіpte жарияланады және тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберіледі.

## **VI ТАРАУ**

### **Қорытынды және өтпелі ережелер**

#### **42-бап. Конституциялық Кеңестің қызметін қаржыландыру**

Конституциялық Кеңестің және оның аппаратының қызметін қаржыландыру респубикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - КР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **43-бап. Конституциялық Кеңестің аппараты**

Конституциялық Кеңестің аппараты ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-консультативтік және басқа да көмекші жұмысты орындаитын мемлекеттік орган болып табылады.

Конституциялық Кеңестің аппараты мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Конституциялық Кеңес аппаратының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Конституциялық Кеңестің Регламентімен және Конституциялық Кеңестің аппараты туралы ережемен реттеледі.

Конституциялық Кеңес аппаратының жұмыскерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

**Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **44-бап. Конституциялық Кеңестің нышандары мен мөрі**

1. Конституциялық Кеңес үйінің үстіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы ілінеді.

2. Конституциялық Кеңестің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы және Қазақстан Республикасы Конституциясының басылымы болады.

3. Конституциялық Кеңес Төрағасының кабинетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұрады.

4. Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы жазылған мөрі болады.

#### **45-бап. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің куәліктері**

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелеріне Республика Президентінің қолы қойылған белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі.

#### **46-бап. Конституциялық Кеңестің бірінші құрамын жасақтау тәртібі және оның өкілеттік мерзімі**

Конституциялық Кеңестің бірінші құрамын жасақтау тәртібі және оның өкілеттік мерзімі Республика Конституциясының 97-бабымен белгіленеді.

#### **47-бап. Осы Конституциялық заңың құшіне ену және қолданылу тәртібі**

Осы Конституциялық заң:

1) жарияланған күннен бастап құшіне енеді;

2) ол құшіне енгеннен кейін пайда болған даулар мен құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК